

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



АНЕУ
Алматы гуманитарлық
- экономикалық университеті





«БЕКІТЕМІН»
АГЭУ ректоры
п.ғ.д., профессор
Корвяков В.А.
2024 ж., хаттама № 10

«БВ01501- Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына
сұхбаттасу негізінде оқуға түсу бағдарламасы

Алматы 2024 ж.

Құрастырғандар:

п.ғ.к., аға оқытушы  Есенұлы Д.

магистр, оқытушы  Койшугулова Д.Ж.


«6B01501- Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына сұхбаттасу негізінде оқуға түсу бағдарламасы «Жаратылыстану педагогикасы және дене шынықтыру» кафедрасының отырысында қаралды және талқыланды.

Хаттама № 9 « 08 » 04 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  Майшинова Г.Т.

Келісілген:

Институт директоры  Нурлихина Г.Б.

Оқу бөлімінің бастығы  Әбілтаева Ә.И.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді
Хаттама № 10 « 30 » 05 2024 ж.

«Б01501- Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасына сұхбаттасу негізінде оқуға түсу бағдарламасы келесі пәндерді қамтиды:

1. «Педагогика»
2. «Психология»
3. «Информатиканы оқыту әдістемесі»

1. «Педагогика» пәнінен бағдарлама

Педагогиканың жалпы негіздері. Педагогика-адам туралы ғылымдар жүйесінде. Педагогика ғылымы жөнінде жалпы түсінік. Педагогиканың даму кезеңдері. Педагогиканың объектісі, пәні және қызметтері. Педагогиканың категориялық аппараты. Педагогикалық ғылымдардың жүйесі. Педагогиканың басқа ғылымдармен байланысы. Адам дамуының ерте кезеңдеріндегі тәрбие және оқыту. Педагогика ғылымының дамуы мен қалыптасуы. Көне заманнан қазіргі күндерге дейін Қазақстанның педагогика ғылымының даму тарихы.

Педагогиканың әдіснамалық негіздері. Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік. Педагогиканың философиялық негіздемелері. Педагогикалық зерттеудің әдістері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің құрылымы және логикасы.

Педагогиканың аксиологиялық негіздері. Педагогиканың гуманистік әдіснамасының негіздемесі. Педагогикалық құбылыстарды оқып үйренуде аксиологиялық тұғыр. Педагогикалық құндылықтар туралы түсінік. Педагогикалық құндылықтарды топтап бөлу. Білім беру-жалпы адамзаттық құндылық.

Педагогикада мақсатты анықтау. Тәрбие мақсаты туралы түсінік. Педагогикалық теория мен практика үшін тәрбие мақсаттарының маңызы. Тәрбие мақсатының қоғамдық тарихи сипаттамасы. Тәрбие мақсатын қоюға әсер ететін факторлар. Тәрбие мақсатының көптүрлілігі. Жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға туралы түсінік. Қазіргі кезеңдегі тәрбие мақсаттары. Шет елдер педагогикасындағы тәрбие мақсаттары.

Тұтас педагогикалық үрдіс. Тұтас педагогикалық үрдіс туралы түсінік. Педагогикалық үрдістің құрылымы және компоненттері. Педагогикалық үрдіс-тұтас құбылыс. Тұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары мен ұстанымдары. Тұтас педагогикалық үрдістің мәні. Қарама-қайшылықтар-тұтас педагогикалық үрдістің қозғаушы күштері. 12-жылдық мектепте тұтас педагогикалық үрдісті ұйымдастыру. Шағын жинақты мектепте педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшеліктері.

Оқушы тұлғасы-тәрбиенің объектісі және субъектісі. Педагогикалық антропология-тәрбиенің философиялық негізі. Тұлға дамуының қазіргі кездегі теориялары.

«Тұлға», «адам», «индивид», «жекелік» ұғымдарына түсінік. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар. Адамның өзіндік өзгертуші әрекеті-тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы.

Оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің өзара байланысы. Оқыту мен дамудың өзара байланысы. Әлеуметтендіру үрдісінде тұлғаның (пайда болуы) қалыптасуы. Тұлғаның интеллектуалды дамуы.

«Тұлғаның өзін-өзі дамытуы» түсінігі. Тұлға дамуының қозғаушы күштері және негізгі заңдылықтары. Дамудың гендерлік ерекшеліктері. Бала дарындылығы.

Дамудың жас және жекелік ерекшеліктері. жас. жас кезеңдері. Акселерация. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Жасөспірімдердің дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Дамудың біркелкі еместігі. Тұлғаның табиғи шамасы (потенциалы) және балалардың жеке ерекшеліктері. Тұлға дамуының нақты мүмкіндіктері (көкейкесті мүмкіндіктері және «дамудың таяу зонасы») және оларды тұтас педагогикалық үрдісте оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруда есепке алу.

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Білім беру жүйесі туралы түсінік. Білім беру жүйесін дамытудың негізгі факторлары. Қазіргі білім беруді дамыту бағыттары. Болондық үрдіс. Білім еру бойынша қазақстандық және халықаралық құжаттар. Білім беру саласындағы заңды құжаттар. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ұстанымдары, қазіргі білім беру жүйесінің мақсат ымен міндеттері. Қазақстандағы білім беру жүйесіне жалпы сипаттама. Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымы. Инклюзивті білім беру. Үздіксіз білім беру. Қосымша білім беру.

Тәрбие теориясы. Тәрбиенің мәні. Тәрбие-теорияның пәні. Тәрбиенің міндеттері мен қызметтері. Тәрбиенің мәні және оның ерекшеліктері. Қазіргі Қазақстандағы тәрбие тұжырымдамалары. Қазіргі қоғамдағы тәрбиеге дәстүрлі және инновациялық тұғырлар. Қарым-қатынасты тәрбиелеу-тұлғалық дамудың үрдісі. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі және қайта тәрбиелеу. Тәрбие түрлері. Авторитарлық, демократиялық, либералдық, еркін тәрбие. Прагматикалық, аксиологиялық, ұжымшылдық, жекелік тәрбие.

Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары. Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары туралы түсінік. Тәрбие үрдісінің негізгі заңдылықтарына шолу. Тәрбие ұстанымдарына сипаттама.

Тәрбие үрдісінде тұлғаны қалыптастыру. Тәрбие мазмұнының мәселелері. Азаматтық және патриоттық тәрбие. Құқықтық тәрбие. Ақыл-ой тәрбиесі. Ұлттық тәрбие. Адамгершілік тәрбиесі. Еңбек тәрбиесі. Эстетикалық тәрбие. Экономикалық тәрбие. Экологиялық тәрбие. Валеологиялық тәрбие. Дене тәрбиесі. Гендерлік тәрбие. Оқушылардың саналы тәртібі және мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу.

Қазіргі педагогикадағы тәрбиенің әдістері, құралдары және формалары. Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерін топтап бөлу. Тәрбие әдістеріне сипаттама. Тәрбие құралдары. Тәрбие формалары.

Дүниеге көзқарас-қалыптастырушы тұлғаның негізі. Оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру-қазіргі мектептің негізгі тәрбиелік міндеті. Дүниеге көзқарастың маңызы, мәні және оның ішкі құрылымы. Оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін мектептегі білім беру мазмұнындағы білім мен идеялардың жүйесі. Білімдерді терең және берік игеру-ғылыми көзқарасты қалыптастырудың негізгі алғышарттары. Оқу және сыныптан тыс жұмыстар жүйесіндегі білімнің көзқарасқа, сенімге, тұлғалық идеалға ауысуына ықпал ететін дидактикалық және тәрбиелік шарттар. Оқушылардың дүниеге көзқарасының қалыптасқандығының өлшемдері.

Ұжым-тәрбие құралы. «Балалар ұжымы» түсінігі. Ұжым теориясының қалыптасуы. Ұжымның белгілері. Ұжымның қызметтері. Балалар ұжымының типтері және құрылымы. Балалар ұжымының даму кезеңдері. Ұжымды құру және қалыптастыру әдістемесі. Тұлға және ұжым. Балалар ұжымының тұлғаға тәрбиелік әсері. «Еркін іс-әрекетті» топтар (самодетельные) және «формальды емес бірлестіктер» (неформальные).

Отбасы-тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру жүйесінде. Отбасы-әлеуметтік институт. Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері. Отбасы, мектеп және социумның өзара әрекеті.

Оқыту теориясы. Дидактика-педагогикалық ғылымдар жүйесінде. Дидактика туралы жалпы түсінік. Дидактиканың объектісі, пәні, қызметтері және міндеттері. Дидактиканың ұғымдары. Дидактиканың негізгі мәселелері. Дербес әдістемелерді дидактикадан бөліп алу және оның олардың дамуына ықпалы. Үздіксіз білім беру жағдайындағы дидактиканың ролінің артуы.

Оқыту үрдісі-тұтас жүйе. Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері. Оқытудың мәні мен құрылымының қазіргі кездегі түсінігі. Оқыту-екі жақты үрдіс. Оқытудың іс-әрекет ретіндегі мәндік сипаттамасы. Оқу-оқытудың тұтас үрдісіндегі оқушының танымдық іс-әрекеті. Оқыту үрдісінде кіші мектеп жасынағы оқушылардың өз бетінділігін қалыптастыру. оқытудың қызметтері. Оқыту қызметтерінің арақытысы. Оқыту түрлері. Оқытудың қозғаушы күштері. Дамыта оқыту туралы түсінік. Оқыту үрдісінің тиімділігінің көрсеткіштері.

Оқытудың заңдары, заңдылықтары және ұстанымдары. Оқытудың заңы, заңдылықтары және ұстанымдары түсінігі. Оқытудың негізгі заңдарына, заңдылықтарына шолу. Оқыту ұстанымдары және ережелері.

Қазіргі білім берудің мазмұны. «Білім беру мазмұнының мәні» түсінігі. Білім берудің мазмұнын қалыптастырудың негізгі теориялары. Жалпы білім берудің мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері. Білім беру мазмұны құрамаларына сипаттама. Қазақстан Республикасы Конституциясындағы білім беру мазмұнының мәселелері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Мемлекеттік білім беру стандарты. Білім беру мазмұнын белгілейтін нормативтік құжаттар.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың әдістері мен құралдары. Оқытудың әдістері-дидактиканың ұғымдарының бірі. Оқытудың әдістері, тәсілдері және құралдары, олардың байланысы мен өзара шарттылығы. Оқытудың әдістерін жіктеу және оларға сипаттама. Әдістердің оқытудың мақсаты мен мазмұнына сәйкестігі. Үздіксіз білім берудің түрлі кезеңдерінде оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану ерекшеліктері. Оқытудың белсенді әдістері.

Қазіргі оқытуды ұйымдастырудың формалары. Оқытуды ұйымдастыру формалары-тұтас жүйенің элементі. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларына сипаттама. Сабақ-мектептегі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы. Сабақтың типтері және құрылымы. Сабақ-оқу пәнін оқыту, оқушы тұлғасын қалыптастыру мен дамыту жүйесінде. Сабақтың тиімділігін арттыру жолдары. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларына сипаттама. Сабақты дайындау мен өткізудегі мұғалімнің рөлі. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар. Сабақта ынтымақтастық, қарым-қатынас күйін тудыру. Сабақты талдау және өзіндік бағалау. Дәстүрлі емес сабақтар.

Шындықты тікелей танудағы оқытуды ұйымдастырудың формасы ретіндегі экскурсияның маңызы. Экскурсияның түрлері. Экскурсияның түрлері. Экскурсияны таңдауға, өткізуге қойылатын талаптар және алынған нәтижелерді жинақтау.

Білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру формалары (үйдегі оқу жұмысы, ұзартылған күн тобындағы өзбетінше дайындық, шағын жинақты мектептегі жұмыс, өз бетінше білім алу). Білім алушылардың сәйкес іс-әрекетті орындауға дайындығының барысында өз бетінділіктерінің дәрежесін арттыру.

Үздіксіз білім берудің түрлі кезеңдерінде оқытуды ұйымдастырудың түрлі формаларын пайдаланудың ерекшеліктері.

Оқыту үрдісінің сапасын педагогикалық бақылау. Оқыту үрдісінің тұтас жүйесіндегі бақылау. Бақылаудың оқыту мақсаттарына сәйкестігі. Бақылау мен бағалаудың оқыту нәтижесінің мемлекеттік стандартқа сәйкестігін анықтауға бағытталғандығы. Бақылаудың түрлері, формалары және әдістері. Техникалық оқу құралдарын оқушылардың іс-әрекетін бақылау мақсатында пайдаланудың мүмкіндіктері.

Оқыту үрдісін және нәтижесін бағалауға қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар. Оқушылардың іс-әрекетін бағалауға қазіргі тұғырлар. Оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау және есепке алу. «Бағалау» және «баға» түсініктері. Оқушылардың бағаланбайтын іс-әрекеті.

Оқушылардың үлгермеушілігі. Оқушылардың үлгермеу себептері. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмаудың жолдары.

Оқушылардың оқуын мотивациялау. «Оқудың мотивтері» түсінігі. Мотивтерді топтап бөлу. Оқудың мотивтерін зерттеу және қалыптастырудың тәсілдері. Оқудың белсенділігі. Оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіру. Қызығушылық. Танымдық қызығушылық. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың жолдары, тәсілдері, құралдары. Қажеттіліктер. Қызығушылықтар мен қажеттіліктердің байланысы. Оқушылардың оқу мотивтерін зерттеуді іске асыру.

Оқытудың педагогикалық технологиялары. «Оқытудың педагогикалық технологиясы» түсінігі. Педагогикалық технологияларды топтап бөлу (классификациялау). Педагогикалық технологияларға шолу. Оқытудың дәстүрлі технологиясы. Дамыта оқытудың технологиясы. Бағдарламаланған оқытудың технологиясы. Проблемалық

оқытудың технологиясы. Оқытудың модульдық технологиясы. Оқытудың орталықтандырылған технологиясы. Қашықтықтан оқыту технологиясы. Оқытудың ойын технологиясы. С.Н.Лысенкованың авторлық педагогикасының технологиясы (тірек схемаларын пайдалана отырып оза оқыту). Р.Штайнердің Вальдорф педагогикасы. Оқытудың кіріктірілген технологиясы. Тұлғаға бағытталған білім беру технологиясы. Оқытудың ұжымдық тәсілдері. Оқытуды жекелендіру және дараландыру технологиясы.

«Педагогика» пәнінен емтихан сұрақтары

1. Педагогика- тәрбие туралы түсінік
2. Педагогиканың пәні және міндеттері
3. Педагогиканың қалыптасуы мен дамуы
4. Педагогиканың негізгі категориялары
5. Педагогиканың басқа ғылымдарымен байланысы
6. Педагогикалық зерттеу әдістері
7. Тәрбие –теорияның пәні
8. Тәрбие түрлері
9. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері
- 10.Тәрбие әдістері туралы түсінік
11. Тәрбие құралдары, формалары және тәсілдері
12. Ақыл-ой тәрбиесі және оның міндеттері
13. Ақыл-ой тәрбиесінің құралдары
14. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері мен мазмұны
15. Еңбек тәрбиесінің мазмұны мен жүйесі
- 16.Экономикалық тәрбие жайлы түсінік
17. Экономикалық тәрбиенің формалары және әдістері
18. Экологиялық тәрбие туралы түсінік
19. Эстетикалық тәрбиенің мәні, міндеттері
20. Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері
21. Дидактика туралы түсінік
- 22.Дидактиканың категориялары
23. Оқыту функциялары
24. Оқытудың заңдылықтары және принциптері
25. Сабақ-мектептегі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы
26. Экскурсияның түрлері
27. Бақылаудың түрлері, формалары және әдістері
28. Патриоттық тәрбиенің міндеттері мен мазмұны
29. Дамудың жас және жекелік ерекшеліктері
30. Құқықтық тәрбиенің мазмұны, міндеттері

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика: оқулық / Р.К.Аралбаева.- Алматы:Полиграфкомбинат, 2012.-220б.
2. Әбиев Ж. Педагогика.- Алматы,2004.
3. Дүйсембекова Ш. Педагогика: Қысқаша дәрістер курсы - Семей, 2004
4. Педагогика: Дәріс курсы / Г.Т. Хайруллин, Н.Д. Хмель, В.В. Трифионов т.б.- Алматы, 2003
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002
6. Педагогика/Хайруллин Т.Т. - Алматы, 2005
7. Педагогика/Шалгинбаева К.К. т.б. на каз. яз. - Алматы, 2005
8. Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы.-А.,2007
9. Бабаев, С.Б. Жалпы педагогика. - Алматы, 2006
10. Қалиев С. т.б. Тәрбие хрестоматиясы.-А.,2001

11. Жарықбаев К, Калиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы.-Алматы.,1990
12. Коянбаев Ж.Б. Педагогика. - А., 1992
13. Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері:Оқу құралы .-Алматы,2008
14. Байжанова З. Жалпы педагогика :Оқу құралы /З.Байжанова.-Алматы:Таймас,2008

2. «Психология» пәнінің бағдарламасы

Психологияның пәні мен әдістері

Психология ғылым ретінде. Психологияның қалыптасу кезеңдері. Жалпы психология пәні. Объективті шындықтың субъективті бейнеленуінің бір формасы ретіндегі психика туралы жалпы түсінік. Адам психикасының құрылымы. Психика қызметі. Адам психикасының шығу тегі мен дамуы. Адам психикасының қоғамдық-тарихи табиғаты. Жоғары психика қызметінің қалыптасуы. Жоғары психика қызметінің әлеуметтік, жанамаланған, еріктілік сипаты және оның жүйелік құрылымы. Адам тарихындағы және тұлға онтогенезіндегі сананың дамуы.

Психологиялық зерттеу әдістері. Психологиялық зерттеу әдістерінің классификациясы. Психологиядағы мәліметтерді алудың негізгі әдістері: бақылау, әңгіме, эксперимент, Психодиагностикалық әдіс. Тест психодиагностиканың негізгі құралы ретінде. Психологиядағы математикалық өңдеу әдістері. Психологиялық зерттеудің әдістері мен әдістемелерін таңдау. Психикалық процестерді зерттеудің әдісі мен әдістемелері.

Сезімдік таным психологиясы

Түйсік – қоршаған шындықты тану мен бейнелеудің бастапқы іргетасы. Түйсік сананың сезімдік тіні (ткань) ретінде. Стимулға қатысы бойынша түйсіну және мінездің бағдарлануы. Қозғалысты реттеудегі түйсіктің рөлі. Түйсік – психикалық дамудың қайнар көзі. Түйсіктің танымдық, еңбектегі және қарым-қатынастағы рөлі. Сенсуализм және оның психология тарихындағы әртүрлілігі.

Бейнелеу объектісінің материалдық қасиеттерін түйсіну тәуелділігі. Түйсіну бейнелерінің спецификасы. Түйсіктің негізгі қасиеттері: модальдылығы, қарқындылығы, кеңістіктік-уақыттық құрылымы. Сезгіштіктің арақатынасы түйсік пен мидың сенсорлық қызметі мен объектінің материалды қасиетінің бейнесі ретінде.

Түйсіктің негізгі түрлері: көру, есту, тактильді, кинестетикалық, статико-динамикалық, температуралық, дәмдік, иіс сезу, вибрациялық, ауырсыну, интероцептивті түйсіну. Вундт химиялық, механикалық және физикалық түйсінулер туралы.

Түйсіктің классификациясы. Экстероцептивті, интероцептивті, проприоцептивті түйсіктер. Түйсіктің механикалық, физикалық, химиялық түрлері. Протопатикалық және эпикритикалық сезімталдық.

Анализаторлар - түйсіктің анатомиялық-физиологиялық механизмі. Рецепторлар - жүйке жүйесінің электрофизиологиялық энергиясын түрлендіретін физикалық энергия ынталандыруы. Бас миының үлкен жарты шарында сезімталдықтың әр түрінің оқшаулануы. Б.Г.Ананьев бойынша адамның сенсорлық ұйымдастырылуы тарих пен филогенез процесінде пайда болған анализаторлар арасындағы тұрақты байланыстар жүйесі ретінде.

Ынталандырудың физикалық параметрлері және олардың анализаторларда бейнеленуі. Кодтау және кодтан ажырату ынталандыруы. Түйсік табалдырықтары туралы түсінік. Анализаторлардың шешуші қабілеттері. Абсолютты (төменгі және жоғарғы) сенсорлық табалдырық. Дифференциалды сенсорлық табалдырық. Бугер-Вебер-Фехнер заңдылығы. Стивенс заңдылығы. Психофизика бойынша қазіргі зерттеулер.

Сезгіштік туралы түсінік және оның динамикасы. Субсенсорлық құбылыс. Анализаторлардың бейімделуі мен сенсублизациясы. Анализаторлар сезгіштігінің артуындағы іс-әрекет рөлі. Түйсіну ассоциациялары. Синестезия.

Қабылдау

Қабылдау туралы түсінік. Қабылдаудың физиологиялық негіздері. Қабылдаудың заңдылықтары. Қабылдау түрлері. Байқағыштықты дамыту. Қабылдау перцептивті әрекет жүйесі ретінде. Қабылдаудың негізгі қасиеттері. Қабылдау теориялары. Кеңістікті, формаларды, уақытты, қозғалысты қабылдау.

Қабылдау шындықты көрсетудің психикалық формасы ретінде. Бейнелік құбылыстардың басқа түрлерінің қатарындағы перцептивті бейнелердің спецификасы. Қабылдаудың негізгі теориялары мен тәсілдері. Қабылдауды оқытудың екі негізгі тәсілдерінің жалпы сипаттамасы: объектілі және субъектілі бағдарланған тәсіл. Объектілі-бағдарланған теория: Э. Титченердің құрылымдық теориясы, гештальт-теориясы, Дж. Гибсонның экологиялық теориясы. Субъектілі-бағдарланған теория: Г. Гельмгольцтің «бейсаналық ақыл-ой қорытындысы», Дж. Брунердің перцептивті болжам теориясы, У. Найссердің перцептивтік цикл теориясы.

Қабылдаудың операциялық құрылымы. Перцептивті бейнені құру процесіндегі моториканың рөлі. Көз қозғалысының қызметі мен түрлері. Көздің микро және макро қозғалысы. Көз қозғалысының түрлері мен қызметі. Көздің микро және макро қозғалысы. Торкөздегі бейнені тұрақтандыратын феномен. Тактильді-кинестетикалық сезгіштіктің спецификасы. Сукцессивті және симульанды тану. Қабылдаудың негізгі қасиеттері: тұрақтылық, заттылық, мағыналық, тұтастық.

Зейін

Зейін туралы түсінік. Зейін түрлері. «Доминанта» түсінігі және зейіндегі оның рөлі (А.А. Ухтомский коцепциясы). Зейін үрдістеріндегі ретикулярлы формацияның рөлі.

Зейін, оның түрлері мен қасиеттері. Зейін және сана. Зейін теориялары. Зейін және іс-әрекет. Зейінді дамыту. Зейін феномені. Зейіннің психикалық статус мәселесі. Зейін көлемінің материалдың құрылымына, объектімен әрекет сипатына, субъектінің жеке-дара қабілетіне тәуелділігі. Зейін концентрациясы. Зейіннің ауысуы. Зейіннің бөлінуі. Зейіннің таңдамалылығы. Зейінді зерттеудің ресурсты тәсілдері. Сананы реттеу үрдісінде ақпаратты өсудің мәні.

Зейін сананы бақылаушы функция ретінде. Зейін және іс-әрекет.

Зейін мен іс-әрекет құрылымын талдауда Н.А. Бернштейннің қозғалыс деңгейінің физиологиялық тұжырымдамасы мен сақиналы реттеу механизмін қолдану. Іс-әрекетті ұйымдастырудағы зейіннің рөлі. Зейін бақылау әрекеті ретінде (П.Я. Гальперин). Сана мазмұнының зейіннің феноменальды мінездемесі ретінде ажыратылуы. Сананың мазмұны мен зейін фокусы (Саңғылбаев О.С.).

Ес

Ес туралы түсінік. Психикалық іс-әрекеттегі естің мәні. Ес түрлері: бейнелік, қозғалысты, эмоционалды, сөздік-логикалық. Ес теориялары. Табысты есте сақтаудың факторлары.

Есті дамытудың негізгі фактылары мен заңдылықтары. Елестету. Елестету қасиеттері.

Ес феномені. Мнемикалық процестер: есте қалдыру, есте сақтау, қайта жаңғырту, ұмыту. Субъектінің танымдық іс-әрекетіндегі естің рөлі. Материалды есте сақтау мазмұнына және оны қайта жаңғырту формасына тәуелді ес түрлері. Моторлық ес. Аффективті ес.

Сөздік-логикалық ес және оның сөйлеумен байланысы. Сенсорлық, қысқа мерзімдік, аралық және ұзақ мерзімді ес. Иконикалық және жаңғырық ес.

Сперлинг эксперименті. Эйдетизм феномені. Эйдетикалық бейнелердің спецификасы.

Ырықсыз және ырықты ес. Ырықсыз есте сақтаудың ерекшелік белгілері. Ырықсыз есте сақтаудың субъект қатысатын іс-әрекет сипатына тәуелділігі (П.И. Зинченко эксперименттері). Есте сақтау тиімділігіне материал сипатының әсері (материал көлемі, біртектілік дәрежесі, мағыналылығы, жиілігі, құрылымдылығы).

«Ресторф фон тиімділігі». Есте қалдырудағы ұқсастық пен жаттығулардың рөлі. Есте сақтау тиімділігіне әсер ететін субъективті факторлар. (өлшемдері, мотивация, есте сақтау материалына эмоционалды қарым-қатынас). Мнемотехникалар. «Шеткі фактор» және басқа да мнемикалық интерференцияның мысалдары.

«Зейгарник эффектiсi». Ұмыту және реминисценция.

Эббингауздың эксперименталды зерттеулері. «Қисық ұмыту». Онтогенездегі есті дамыту. Елестің ерекшеліктері ментальды көрсетудің формасы ретінде. Басқа да бейнелік құбылыстар қатарындағы елестетудің екінші реттік бейнесінің ажыратылатын ерекшеліктері. Елестету мнемикалық көрсету ретінде.

Елестету және ойлау. Елестетудің негізгі эмпирикалық қасиеттері. Фигура-фондық қарым-қатынас тәуелсіздігінің феномені.

Ойлау

Ойлау шындықты жалпылау, жанама түрде бейнелеу ретінде. Ойлау іс-әрекет ретінде, белсенді танымдық процесс және Мышление как процесс активного познания и шындықты түрлендіру ретінде. Ойлау түрлері. Көрнекі-қозғалыстық, көрнекі бейнелік және сөздік-логикалық ойлау. Ойлау тәсілдері. Ойлаудың логикалық формалары.

Ойлауды зерттеудегі негізгі тәсілдер. Ойлау теориялары. Ойлау, тіл, сана. Объективті шындықты бейнелеудегі ойлау формаларының спецификасы.

Ойлаудың жанама-сезімдік танымнан айырмашылығы. Жалпылау және жанамалау ерекшелігі ойлаудың сипаты ретінде. Ойлаудың оперантты және операционалды құрылымы. Ойлау операцияларының түрлері: талдау – жинақтау, жалпылау – оқшаулау, абстракциялау – нақтылау, ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табу. Іс-әрекетті реттеудегі ойлаудың рөлі.

Ойлаудың психологиялық және логикалық құрамы. Мәселелік жағдаяттардың құрылымы. Мәселелік жағдаяттар ойдың психикалық белсенділігінің бастауы ретінде.

Ойлау және ақыл-ой әрекеттері. Ойлаудың сөздік және сөздік емес құрамдас бөліктері.

Түсіну феномені. Түсіну критеріі. Ойлау формаларының көптүрлілігі мен жеке басын ұғыну мәселелері. Ұғымдардың қалыптасуы. Формальды ойлау. Ойлау және шешім қабылдау.

Ой қорытындылары. Теориялық және эмпирикалық ойлау ерекшеліктері. Ойлауды зерттеудегі теориялық тәсілдер. Ойлау елестетудің ассоциациясы ретінде. Ойлау әрекет ретінде.

Қиял

Қиял туралы түсінік. Қиял іс-әрекеттің спецификалық түрі ретінде, «бейнелік» ойлау ретінде. Қиял түрлері. Қиял бейнелерін жасау әдістері. Қиял процесінің талдау-жинақтау сипаты. Баланың ойын іс-әрекетіндегі және ересектердің шығармашылық іс-әрекетіндегі фантазияның рөлі.

Қиялды зерттеудің негізгі тәсілдері. Қиял теориялары.

З.Фрейд бойынша негізгі қайта жасау қиялдары - қоюлату, тарылту, ауыстыру. Түс және түс көру.

Қиял және шығармашылық. Көркемдік, музыкалық шығармашылықта бейнелер жасау. Шығармашылықтағы эмоция мен сезімнің рөлі. «Креативтілік» ұғымы. Креативтілікті диагностикалау мен зерттеудің әдістері.

Сөйлеу

Сөйлеу және сөйлеу іс-әрекеті. Тіл және сөйлеу. Сөйлеу түрлері, сөйлеудің пайда болу және түсіну механизмдері. Онтогенездегі сөйлеудің дамуы. Белгі баланың пәндік іс-әрекетіндегі психологиялық қару ретінде. Психологиядағы сөйлеуді зерттеу спецификасы. Сөйлеу әрекеті мен сөйлеу іс-әрекеті ұғымы. Сөйлеу түрлері. Ауызша, жазбаша, монологтық, диалогтық, ішкі сөйлеу. Сөйлеу қызметі: коммуникативті ойлау құралы ретінде, сигнификативті, атаулы, индикативті. Түрлі психологиялық концепциялардағы ойлау мен сөйлеудің өзара қарым-қатынас мәселелері.

Н.Хомскийдің трансформациялық моделі. Сөйлеудің түсіну мәселесі.

Сөйлеуді қабылдау мәселесі (акустикалық, моторлық, жинақтау арқылы талдау).

Пән бойынша сұрақтар:

1. Психология пәні мен міндеттері
2. Психологиялық зерттеу әдістері
3. Сезімтал таным психологиясы. Сезім. Түйсіктердің жіктелуі. Қасиеттерін сезіну. Сезім психофизикасы

4. Сезімталдық динамикасы. Сезім мүшелерін бейімдеу және сенсбилизациялау
5. Сезім және қабылдау: қасиеттері және жіктелуі.
6. Қабылдау. Қабылдаудың негізгі қасиеттері
7. Қабылдауды зерттеудің негізгі тәсілдері. Қабылдау теориясы
8. Кеңістік пен қозғалысты қабылдау. Әлемнің тұрақтылық теориясы
9. Қабылдаудың константылығы мен пәнділігі. Перцептивті үдерістердегі орнату мен мотивацияның рөлі
10. Назар аударудың анықтамасы. Назар аударудың негізгі түрлері мен қасиеттері
11. Назар аударыңыз: құбылыстар, функциялар. Назар аударудың негізгі тәсілдері
12. Назар аудару теориясы
13. Назар аударудың әдістері
14. Психикалық бақылау функциясы ретінде назар аудару
15. Жады, оның функциялары және түрлері
16. Жад процестері. Жадтың жеке айырмашылықтары
17. Жадты зерттеу әдістері
18. Материалды тиімді есте сақтау тәсілдері.
19. Жады: функция және түрлері. Жадты зерделеудің негізгі тәсілдері
20. Жад теориясы
21. Ойлау, сана, тіл және сөйлеу
22. Ойлау теориясы
23. Ойлау мен интеллект дамуының мәселесі
24. Ойлау іс-әрекет және тапсырмаларды шешу процесі ретінде
25. Ойлау түрлерін жіктеу
26. Қиял және оның түрлері, қиялмен байланысы
27. Шығармашылық қиял тәсілдері
28. Сөйлеу, сөйлеу түрлері, сөйлеу және түсіну механизмдері.
29. Сөйлеу дамуының теориясы.
30. Қазақстандық ғалымдардың психикалық процесстерді зерттеуі.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиет:

- 1.Абрамова Г.С. Практическая психология. – Екатеринбург: Деловая книга, 1999. - 512 с.
- 2.Адреева Г.М. Социальная психология. (Любоеиздание).
- 3.Атватер И.Я. Явасслушаю / Персангл. – С., 1984. – 221 с.
- 4.Бодалева А.А., Столин В.В. Общая психодиагностика. – СПб.: Речь, 2006.
- 5.Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. – СПб.:Питер, 2001.
- 6.Васильев Н.Н. Тренинг профессиональной коммуникации. – СПб.: Речь, 2005.
- 7.Вацлавик П. Как стать несчастным без посторонней помощи / пер. сангл. – М.: Прогресс, 1993.
- 8.Власова Н.И. И проснешься боссом...- Справочник по психологии управления. – М.: ИНФРА-М, 1994. 6
- 9.Деркач А.А., Зызыкин В.Г., Маркова А.К. Психология развития профессионала. – М.: РАГС. – 2000.
- 10.Карнеги Д. Как вырабатывать уверенность все бевлиять на людей, выступая публично— М.: Прогресс, 1989.

3. «Информатиканы оқыту әдістемесі» пәнінен бағдарлама

Мектептерге Информатика және есептеуіш пәнінің енгізілуіне байланысты дидактикада *информатиканы оқыту әдістемесі* атты жана сала пайда болды. Информатиканы оқыту әдістемесі информатика ғылымының даму деңгейіне және қоғамның оқыту мақсаттарына сәйкес мектепте оқытудың заңдылықтары мен әдістерін зерттейді. Информатиканың мектептегі мәселелерін қарастыратын *мектеп*

информатикасы - информатика ғылымының бір саласы ретінде оқу процесіне дербес компьютерлерді пайдалану мен олардың техникалық, программалық, оқу-әдістемелік, т.б. жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Информатиканы оқыту әдістемесінің мазмұны ғылым мен техниканың дамуына тікелей байланысты. Ол өзінің дамуында философия, психология, педагогика, информатика, т.б. ғылымдарының мәселелеріне сүйенеді. Жаңа ақпараттық технологияға сәйкес информатика пәнінің мазмұнында жаңа салалар пайда болды. Оларды оқыту теориялық жағынан зерттеліп, іс-тәжірибеден өткізілуде. Информатиканы оқыту әдістемесінің алдында әлі де зерттеуді қажет ететін көптеген мәселелер бар. Атап айтқанда, информатиканың мектепке дейінгі, бастауыш сыныптардағы, төменгі, орта, жоғары буындарда оқыту жағдайларын зерттеу; өз бетінше оқитындарға әдістемелік көмектер ұйымдастыру; қолданбалы программаларды пайдалану; ашық программаларды өңдеу секілді көптеген мәселелер жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Информатика пәні ақпараттық қоғамға сай маман даярлау ісіне ерекше назар аударады. Сондықтан информатика пәнін оқыту мектептің басқа пәндері секілді оқушыларға білім берудің, тәрбиелеудің және дамытудың бірлігін қамтамасыз етеді. *Білім беру мақсаты* - оқушыларға уақыт талабына сай білім беру, алған білімін қоғам игілігіне жұмсай алатындай іскерлік қалыптастыру және оны дамыту. *Білім беру мақсаты жалпы білім беру және қолданбалы білім беру* болып екіге бөлінеді.

Жалпы білім беру оқушы санасында әлемнің ғылыми келбетін қалыптастырады. Информатика пәнінде *жалпы білім берудің* мақсаты - оқушылардың ғылыми дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыру бағытына сәйкес компьютердің мүмкіндіктері мен қолданыстарын жүйелі түрде оқытуды көздейді. Оның белгілері:

- компьютердің жұмыс принципі түсіну;
- алгоритм ұғымын түсіну;
- информацияның түрлері мен оларды өңдеу тәсілдерін білу;
- программалаушы қызметінің мәнін ұғыну;
- адамның ойлауын автоматтандыру, т.б..

Компьютердің жұмыс принципі түсіну табиғаттағы алгоритмдік құрылымға тығыз байланысты. Себебі, атомның кішкене бөлігінен бастап, ғалам кеңістігіне дейінгі тіршілік алгоритмге негізделген. Алгоритм ұғымын түсініп, оны құрудың технологиясын меңгеру оқушының ЭЕМ-де жұмыс істеу мүмкіндігін жетілдіреді. Информацияның түрлері мен оларды өңдеу тәсілдерін білу оқушының ойлау қабілетінің жаңа қырларын ашуға жетелейді. Программалаушы қызметінің мәнін ұғыну оқушылардың "жаңа" нәрсені жасауға деген ынтасын арттырады. Адамның ойлауын автоматтандыру информатика ғылымының бүгінгі қол жеткен нәтижелермен шектелмей, әлі де қарыштап дамитынына кепіл болады. Бұл кезде информацияның үздіксіз жаңарып отыратыны секілді, өңдеу тәсілдері де өзгеріп отырады.

Қолданбалы білім берудің мақсаты - оқушының ЭЕМ-дегі жұмыс нәтижесін практикалық мақсатқа қолдана білуге бағытталады. *Практикалық мақсаты* - оқушыларды ақпараттық қоғамға дайындауды, еңбекке баулуды көздейді.

Дамытушылық мақсаты - оқушының ақыл - ойын, шығармашылық қабілетін дамытуға, жеке тұлғасын қалыптастыруға және информатика пәніне қызығушылығын арттыруға бағытталған, *Дамытушылық мақсаты* оқушыларда бірін-бірі толықтырып отыратын логика-алгоритмдік және жүйелі-қисынды ойлау түрлерін дамытуды көздейді. Логика-алгоритмдік ойлаудың қасиетіне қатаң логикалық тұжырым жасай білу, ЭЕМ-мен жұмыс істеу барысында индукциялық және дедукциялық ой қорыту, өзіне қажетті іс-әрекетті алгоритмдік тілде жаза білу іскерлігі жатады. Бұл көбінесе, толық емес индукцияға ұқсас ойлауда көрініп, компьютермен практикалық жұмыста маңызды роль атқарады. Ойлаудың *алгоритмділігі* дәлелдеуді қажет ететін пікірлерді қамтамасыз етеді. Ойлаудың бұл екі түрін бір-бірінен ажыратуға болмайды, оларды өзара тығыз байланыста болады деп қарастыру қажет.

Информатика пәні мектепте міндетті түрде оқытылатын пән ретінде оқу жүйесінің барлық басқыштарына енгізілумен бірге, жыл сайын сағат саны артып, пән мазмұны жаңа тақырыптармен толығуда. Оның себебін, қоғамның немесе бүкіл әлемнің ақпаратқа деген көзқарасымен байланыстыруға болады. Сондықтан информатика негіздерін, оның даму болашағын, қолдану салаларын игеру әрбір саналы азаматтың міндетіне айналып отыр. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептерде "Информатика және есептеуіш техникасы негіздері" пәні 7-11 сыныптарда, ал лицей, гимназия және жеке мектептерде 2-ші, 5-ші сыныптарда оқыту тәжірибесі жүргізілуде. Бұл курсты оқытуға базистік оқу жоспарында 68 сағат бөлінген. Оқытудың жалпы құрылымы:

- *танысу кезеңі* (1-6 сыныптар) - дербес компьютермен алғаш танысып, онда жұмыс істеудің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы ақпараттық мәдениеттің қалыптасуы;

- *негізгі курс* (7-9 сыныптар) - ЭЕМ-нің архитектурасы және ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуді меңгеру, компьютерді оқу процесіне пайдалануда өзіндік іс-әрекеттері қалыптастыру мақсаты көзделеді. Бұл кезде оқушыларда алгоритм, оның құрылымдары негізінде есептер шығару, программалаудың әдіс-тәсілдерін меңгеру арқылы компьютерді оқу процесіне тиімді пайдалану іскерлігі қалыптасады.

- *бағдарлы курс* (10-11 сыныптар) - оқушылар болашақ мамандық бағытына сәйкес кәсіптік бағдар бойынша оқиды. Олардың қабілетіне, қызығушылығына, ынтасына байланысты ақпаратты саралап оқыту жүзеге асырылады. Мысалы, оқушы жаратылыстану-математика бағдары бойынша оқыса, онда программалау тілдері терендетіліп оқытылады.

Мектептің қазіргі жағдайында танысу кезеңі жеткіліксіз зерттелген. Өйткені, мұғалімдерді бастауыш сыныптарда және төменгі буын сыныптарында сабақ жүргізуге қайта дайындау; мектепке дейінгі балалармен жұмыс жүргізетін мамандар дайындауда әлі де бірқатар мәселелер шешімін тапқан жоқ.

Мектеп информатикасының мазмұнына міндетті түрде информатиканың базалық курсының негізгі бөлімдері кіреді.

1. Информация және информациялық процестер.
2. Алгоритмдеу және программалау. :
3. Логика және логикалық функциялар.
4. Информациялық технология.
5. Модельдеу.
6. Дербес компьютерді пайдалану.

Әрбір бөлімді оқыту деңгейі, оқушылардың білімі, іскерлігі, дағдысы және сәйкесінше оларға қойылатын талаптарды анықтау мемлекеттік стандарт бойынша жүргізіледі. Оқытудың әдістері, пайдаланылатын көрнекіліктер, программалық жабдықтар секілді әдістемелік құралдар жасау мұғалімдердің, педагог-ғалымдардың қызметі болып саналады.

Информатикада теория мен практика жалпы ғылыми категориялармен қатар жүреді. Теория - компьютер әлеміне, информация қасиеттеріне түсінікге берудің, болжам жасаудың құралы болса, практика - теорияны теориядағы болжау көзі және тексеру құралы болып табылады.

Мысалы, лекцияда деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ), оның қолданылуы, сұраныс беруі секілді теориялық мәселелер баяндалады. Ал практикада оқушы компьютер алдында өзінің теориялық материалды игеруі мен компьютер ортасының берілген командаларға әсерін тексереді. Таза теориялық әдіске компьютерсіз алгоритмдердің дұрыстығын дәлелдеу жатады. Сондықтан алгоритмдерді тексеруде практиканың қажеттілігі шығады.

Бақылау - оқыту процесінің нәтижесін анықтау мақсатында оқу процесіндегі кері байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын әрекет тәсілі. Дидактикада бақылау әдістерінің бірнеше түрі қолданылады. Олар ауызша, жазбаша, тест түрінде болуы мүмкін. Бақылау мақсатына қарай ағымдық, аралық, қорытынды болып бөлінеді.

Информатика сабағына тән бақылау әдістерінің бірі - компьютерлік бақылау. *Бақылау* компьютер әлемін мақсатты да, жүйелі түрде оқушылардың қабылдау мүмкіндігін зерттейтін әдіс. Бұл әдіс зерттеу объектісіне байланысты информация алудың ең маңызды әдістерінің бірі болғандықтан оқушыларда бақылау әрекетін қалыптастырады.

Компьютер әлемін зерттеу барлық басқа ғылымдар секілді объектілерді танып білу, оларды бақылау мен сипаттау жұмыстарынан бастау алады. Жалпы жағдайда, оқушылар үшін бақылау мұғалім тарапынан, жолдастары тарапынан, компьютер тарапынан және өзін-өзі сынау арқылы жүргізілуі мүмкін.

Пән бойынша сұрақтар:

1. Информатика мектептегі оқу пәні.
2. Мектепте информатика пәнін енгізудің мақсатымен міндеттері.
3. Информатика бойынша мектеп бөлімінің жалпы стандарты.
4. Информатика негіздерін оқытудың құрылымы.
5. Бастауыш мектептегі информатика негіздері.
6. Компьютерлік сауаттылық.
7. Мектепте информатиканы дифференциалдық оқыту.
8. Мектептегі информатика курсының болашағы.
9. Информатика оқулықтарына шолу.
10. Жалпы орта білім беру жүйесіндегі компьютерлік телекоммуникация.
11. Мектеп информатика кабинетін жабдықтау.
12. Информатика курсы бойынша оқу процесін жоспарлау.
13. Оқыту нәтижесін тексеру және бағалауды ұйымдастыру.
14. Программалау негіздерін оқыту әдістемесі.
15. Алгоритмдеу негіздерін оқыту әдістемесі.
16. Компьютердің құрылысын оқыту әдістемесі
17. Ақпараттық технологияны оқыту әдістемесі.
18. Орта мектепке ЭЕМ және программалау.
19. Информатиканың орта мектепте ғылыми және оқу пәні ретіндегі ролі.
20. Орта мектепте информатика және ЕТ оқытудың жалпы мақсаттары.
21. Microsoft Excel –де арифметикалық амалдарды орындау.
22. Мектеп информатика курсының қазіргі бағдарламаларын талдау.
23. Мектептегі ЕТ кабинетінде жұмысты ұйымдастыру
24. Информатикадан үйірмелік жұмыстар.
25. Орта мектепте информатика курсын программалық қамтамасыз ету.
26. Мектептегі информатика курсындан программалау негіздерін оқытудың маңызы.
27. Электрондық кестелерді үйрену әдістемесі.
28. Педагогикалық білім жүйесінде информатиканы оқыту әдістемесі.
29. Информатика негіздерін оқытудың бөлім тақырыптарын анықтау.
30. Мектеп информатика кабинетін жабдықтау әдісі.
31. Информатика курсы бойынша оқу процесін жоспарлау әдісі.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Халықова К.З. Информатиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы: «Білім», ии2000. -196 б.
2. Лапчик М.П., Рагулина М.И., Самылкина Н.Н., Семакин И.Г., Хеннер Е.К. Теория и методика обучения информатике. Учебное пособие.-М.: «Академия», 2008. -592 с.
3. Софронов Н.В. теория и методика обучения информатике. Учебное пособие.-М.: Высш. шк., 2004,-223с.ил.
4. Малев В.В. Общая методика преподавания информатики: Учебное пособие.- Воронеж: ВГПУ, 2005.-271с.
5. Лапчик М.П., Рагулина М.И., Смолина Л.В. Теория и методика обучения информатике. Лобороторный практикум. Уч. пособие для студентов вузов/Под.ред. М.П. Лапчика.-Омск:Изд-во ОмГПУ,2004.-312с.
6. Босова Л.Л. Занимательные задачи по информатике: Учебно-методический комплект/Л.Л. Босова. -3-е изд.-М.: БИНОМ, 2007.

7. Педагогическая практика в системе подготовки учителя информатики и математики: Методические рекомендации/Под общей ред. М.П.Лапчика.-Омск:Изд-во ОмГПУ,2004.-188с

8. Халыкова К.З. Жоғары оқу орнындағы студенттерінің өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың теориясымен методикасы. Монография. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ.2009.-291б.

9. Кариев А. Формирование готовности учителя к обучению на основа интерактивных методов как условие развития творческих способности. 2016ж.

10. Акрамова А.С. Теория и технология обучения информатики в начальной школе. Учебной пособие 2019г.

11. Халықова К.З., Турганбаева А.Р., Бостанов Б. Программалау тілдерін оқыту. Delphi ортасы//ҚР БҒМ. Оқу құралы.-Алматы, 2005. 250б.

12. Халықова К.З. Паскал тілінде программалау // Оқу құралы. Абай ат. АЛМУ.- Алматы 2002. -244 б.

13. Бидайбеков Е.Б. Подготовка специалистов совмещенного с информатикой профиля в Республике Казахстан. –Алматы:АГУ им Абая, 1998.-123с.

14. Софронова Н.В. Теория и методика обучения информатике. Учебное пособие. М.:Высш.шк., 2004. -223с. ил.

15. Бочкин А.И., Вислобокова Н.С. Об оценке доли знаний с помощью комбинаторных тестов. ИнфоО. – 2004.-№11.

16. Брыксина О.Ф. Конструирование урока с использованием средств информацион-ных технологий и образовательных электронных ресурсов. ИнфоО. -2004. - №5.

17. Ершов А.П. Компьютеризация школы и математическое образование. Основные направления работ по программе «Информатизация образования». ИнфоО. - 1992. -№5,6.

18. Кетелл Д. Информационные и коммуникационные технологии для активного обучения. ИнфоО. -2004. -№3.